

Шалқар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 376 "2025-2027 жылдарға арналған Шалқар қалалық бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2025 жылғы 18 шілдедегі № 472 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 376 "2025-2027 жылдарға арналған Шалқар аудандық бюджетін бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 85-бабының 2-тармағына, 91-бабының 3-тармағына, 94, 96-баптарына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**";

1–тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2025-2027 жылдарға арналған Шалқар қалалық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2025 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 1327620,1 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 255647,2 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 2762,3 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 20405,1 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 1048805,5 мың теңге;

2) шығындар – 1421135,0 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттер - 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -93514,9 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 93514,9 мың теңге, оның ішінде:

қарыз түсімдері – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 93514,9 мың теңге.";

4-1–тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

" 4-1. 2025 жылға арналған Шалқар қаласының бюджетіне облыстық бюджеттен қала көшелерінің автомобиль жолдарын күрделі жөндеуге 135002,0 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферт бөлінгені ескерілсін.";

5–тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. 2025 жылға арналған Шалқар қаласының бюджетіне аудандық бюджеттен 913649,5 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферт сомасын бөлу Шалқар қаласы әкімінің шешімі негізінде айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1–қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық мәслихатының төрағасы

Ж. Шамбалаев

Шалқар аудандық
мәслихатының 2025 жылғы
18 шілдедегі № 472 шешіміне
қосымша

Шалқар аудандық
мәслихатының 2024 жылғы
30 желтоқсандағы № 376
шешіміне 1-қосымша

2025 жылға арналған Шалқар қалалық бюджеті

Санаты	Сыныбы			сомасы, мың теңге
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
1			I. Кірістер	1327620,1
			Салықтық түсімдер	255647,2
	01		Табыс салығы	135000,0
		2	Жеке табыс салығы	135000,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	104447,2
		1	Мүлікке салынатын салықтар	3650,0
		3	Жер салығы	3450,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	96768,8
		5	Бірыңғай жер салығы	578,4
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	16200,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	16000,0

		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	200,0
2			Салықтық емес түсімдер	2762,3
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2762,3
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2762,3
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	20405,1
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	20405,1
		1	Жерді сату	14044,0
		2	Материалдық емес активтерді сату	6361,1
4			Трансферттердің түсімдері	1048805,5
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1048805,5
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	1048805,5
II. Шығындар				1421135,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	401253,3
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	401253,3
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	401253,3
			001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	152718,7
			022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	248534,6

07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	203014,9
	03			Елді-мекендерді көркейту	203014,9
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	203014,9
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	47046,0
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	19799,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	136169,9
12				Көлік және коммуникация	816866,6
	1			Автомобиль көлігі	816866,6
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	816866,6
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	69729,2
			045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	747137,4

15				Трансферттер	0,2
	1			Трансферттер	0,2
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,2
			048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,2
				III. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-93514,9
				IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(93514,9
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	93514,9
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	93514,9
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	93514,9